


**ТАБЫН ТОЛЫҚТЫРУШЫ
ЖАС ҰРҒАШЫ
СИЫРЛАРДЫ КҮТІП-БАҒУ**



ТАБЫН ТОЛЫҚТЫРУШЫ ЖАС ҰРҒАШЫ СИЫРЛАРДЫ КҮТІП-БАҒУ

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА ТАБЫН ТОЛЫҚТЫРУШЫ ЖАС ҰРҒАШЫ СИЫРЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ

Заманауи тауарлы мақсатта қолданылатын етті бағыттағы табындарда ерте шағылыстыру кезінде 2 жасында төлдеуге мүмкіндік жасау үшін жас ұрғашы сиырларды 13-16 айлық жас шамасында ұрықтандыруға болады. Ол үшін туылған сәтінен бастап 365 күн аралығында жыныстық жетілуге қол жеткізуге мүмкіндік беру үшін табын толықтырушы жас ұрғашылардың енесінен ажыратқаннан кейін салмақ өсімі қажетті деңгейде болғаны жөн.

Төлдеу 2 жас шамасына болжанған ұрғашылар, төлдеу маусымының бас кезінде төлдегені дұрыс. Гавр, Солтүстік Монтанадан алынған деректер бірінші төлдеу уақыты сиырлардың тіршілік ету барысындағы мүмкіндіктерін анықтайтынын дәлелдейді. Бұл жоғарыда аталған 3 факторға байланысты.

А. Өсіру кезінде ерте төлдейтін ұрғашылар, тіршілік ету барысында едәуір ірі төл береді.

Б. Алғаш бұзаулайтын қашар екі жас шамасында қаншалықты кеш төлдейтін болса, тиісінше оның кейінгі тіршілік ету кезеңдерінде ұрықтандырылмай қалу мүмкіндігі жоғары болады.

В. Төлдеудің соңғы кезеңдерінде бұзаулайтын қашарлар тіршілік ету барысында тұрақсыз өндірушілік қабілеттеріне ие болады. Соның ішінде, аталған сиырлардан жыл сайын бұзау алынбайды.

Ұрғашыларды негізгі табын сиырларын ұрықтандыруға дейін 30 күн қалғанда бұқалармен қосу керек. Бұл өз кезегінде ұрғашылардың басқаларына қарағанда ертерек төлдеуіне мүмкіндік туғызады. Ерте төлдеу бұзаулаудан кейін күйлеуі тоқтаған (анэструс) сиырлар үшін төлдеу мен кейінгі шағылыстыру мауысымына дейінгі аралықта көбірек уақытқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Монтана қаласындағы Майлз-Сити тәжірибелік станиясындағы Абердин-ангусс пен герефорд тұқымына жататын енесінен ажырату кезеңінен кейін 327 және 645 г орташа тәуліктік өсім беретін ұрғашылар тобы жыныстық жетілуге әр түрлі уақытта қол жеткізді. (6.8 кесте).

6.8. Енесінен ажыратқаннан кейін, жыныстық жетілу басталған уақытында ұрғашы сиырлардың тірі салмақ өсімінің көрсеткіштері мен жоғары энергетикалық рациондармен азықтандыру кезінде ұрғашылардың табындағы ұрықтандыру нормасы

Көрсеткіштер	Енесінен ажыратудан кейінгі кезеңде күтіп-бағу	
	Салмақ өсімінің төмен көрсеткіші	Салмақ өсімінің төмен көрсеткіші
Ұрғашылар саны, мал басы	30	30
Орташа тәуліктік өсімі,г	327	645
Жыныстық жетілу жасы, күні	434	388
Шағылыстыру кезеңіне дейін күйлеуі келген ұрғашылар саны, мал басы	2	25
Ұрықтандырылған ұрғашылар % (60 күндік шағылысытру маусымының аралығында)		
Алғашқы 20 күн	30	60
Екінші кезеңдегі 20 күн	10	20
Соңғы кезеңдегі 20 күн	10	7
Барлығы	50	87

Осу қарқыны жылдам болған ұрғашылардың жыныстық жетілуі ертерек болды, яғни, осы топтағы 25 және 30 сиыр күйлеуге шағылыстыру маусымынан бұрын келді. Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, ерте пісіп-жетілетін жас сиырлар қсуі баяу жүретін жануарларға қарағанда тиісінше жақсы ұрықтандырылып сонымен қатар, ертерек төлдейді. Тисті азықтандыру барысында жас сиырлар жыныстық жетілу кезеңіне ерте жетіп, бұзаулары ерте туылады және тіршілік ету барысында жоғары өнімділігін сақтайды.

Төлдеуі 2 жас шамасына жоспарланатын ұрғашының азықтандыру рационы енесінен ажырату кезеңінен кейін орташа тәуліктік өсімі 454—681 г болтындай құрастырылады (11.1 тарауды қараңыз). Тәулігіне 680 г-нан артық өсімнің өзі жаман емес, алайда өндірушілік қабілетінің жоғарыламауына байланысты экономикалық жағынан тиімсіз.